

**Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің әскери қызметшілері мен Өртке қарсы мемлекеттік қызметтің белгіленген тәртіппен тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызмет көрсетулерге ақшалай өтемақыға құқығы бар арнаулы атақ берілген қызметкерлері лауазымдарының тізбесін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 14 қаңтар N 43. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.04. N 302 қаулысымен

"Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1993 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы мен "1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 1998 жылғы 16 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің әскери қызметшілері мен Өртке қарсы мемлекеттік қызметтің белгіленген тәртіппен тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызмет көрсетулерге ақшалай өтемақыға құқығы бар арнаулы атақ берілген қызметкерлері лауазымдарының тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы 1999 жылдың 1 сәуірінен бастап қолдануға енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 2000 жылғы  
11 қаңтардағы N 43  
қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің әскери қызметшілері мен Өртке қарсы мемлекеттік қызметтің белгіленген тәртіппен тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызмет көрсетулерге ақшалай өтемақыға құқығы бар арнаулы атақ берілген қызметкерлері лауазымдарының Тізбесі**

**I Бөлім.**

*ЕСКЕРТУ. I Бөлім - күшін жойды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.05.29. N 593 қаулысымен.*

## **II Бөлім. Өртке қарсы мемлекеттік қызметтің белгіленген тәртіпшен арнаулы атақ берілген қызметкерлері**

1. Департаменттердің, бас басқармалардың, басқармалардың, дербес бөлімдердің, мамандандырылған отрядтардың, отрядтардың, бөлімдердің, секторлардың, бөлімшелердің, мамандандырылған өрт сөндіру бөлімдерінің, өрт сөндіру бөлімдерінің, лабораториялардың, күштерді басқару орталықтарының, автоматтандырылған байланыс жүйелерінің, сүңгуір қызметтердің, өрт сөндіру байланыстары орталық пункттерінің, сынақ полигонының, қарауылдардың, жеке постылардың (кадрлықты, қаржылықты, медициналықты және шаруашылықты қоспағанда) бастықтары

2. Департамент, бас басқармалар, басқармалар, дербес бөлімдер, мамандандырылған отрядтар, отрядтар, бөлімдер, секторлар, бөлімшелер, мамандандырылған өрт сөндіру бөлімдері, өрт сөндіру бөлімдері, лабораториялар, күштерді басқару орталықтары (кадрлықты, қаржылықты, медициналықты және шаруашылықты қоспағанда) бастықтарының орынбасарлары

3. Ерекше тапсырмалар бойынша аға инспекторлар, аға инженерлер, аға анықтаушылар, ерекше маңызды істер жөніндегі аға анықтаушылар, аға ғылыми қызметкерлер, аға инспекторлар, аға сарапшылар, аға диспетчерлер, өрт сөндіру жетекшісінің аға көмекшілері (кадрлықты, қаржылықты, медициналықты және шаруашылықты қоспағанда)

4. Бас инспекторлар, бас мамандар (кадрлықты, қаржылықты, медициналықты және шаруашылықты қоспағанда); экипаждардың командирлері, оң жақтағы ұшқыштар, штурмандар, борт-техниктер, өрт сөндіру жетекшісінің орынбасарлары, өрт сөндіру жетекшілерінің көмекшілері, сүңгуір мамандар, отрядтар бастығының көмекшілері (жедел кезекшілер), инженерлер, инспекторлар, анықтаушылар

5. Химиялық және радиациялық барлаудың, газ-түтіннен қорғау қызметтерінің, құтқарушылардың, өрт сөндіру машиналарын жүргізу жөніндегі жүргізушілердің, сүңгуірлердің аға инструкторлары

6. Газ-түтіннен қорғау қызметінің, байланыстың, байланыс пен арнаулы жабдықтардың аға шеберлері

7. Аға механиктер, аға жүргізушілер, аға шеберлер, аға респираторшылар, аға техниктер, аға радиотелеграфшылар, аға өрт сөндірушілер, аға прожекторшылар (кадрлықты, қаржылықты, медициналықты және шаруашылықты қоспағанда)

8. Радиостанциялардың бастықтары, бөлімшелердің командирлері, құтқарушы-шеберлер, сүңгуірлер, жүргізушілер, диспетчерлер, газ-түтіннен

қорғау қызметтерінің шеберлері, кіші инспекторлар, мотористер, радиотелеграфшылар, радиотелефоншылар, өрт сөндірушілер, өрт сөндіруші-құтқарушылар, прожекторшылар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК